

Павлодар облысы Павлодар қаласының Кутузов көшесін қайта атау туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 4 және Павлодар облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 230/22 бірлескен қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 маусымда № 5995 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 25 мамырдағы қорытындысы негізінде, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар қаласының "Кутузов" көшесі "Тәуелсіздік" даңғылы болып қайта аталсын.

2. Осы қаулының және шешімнің орындалуын бақылау азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Б. Бақауов

С. Сыздықов

Б. Бексейітова